Д.К. Абулхаиров, И.К. Сагынганова, М.Т. Усербаев, С.И. Мендалиева, Б.М. Смаилова ОБОСНОВАНИЕ И МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПНЕВМОМЕХАНИЧЕСКОЙ ПОГРУЗКИ СЕНА В СБОРОЧНУЮ КАМЕРУ УБОРОЧНО-ТРАНСПОРТНОГО АГРЕГАТА	203
А.С. Рзалиев, С. Бекбосынов, В.П. Голобородко, И. Мизанбеков СЕЯЛКА ТОЧНОГО ВЫСЕВА ДЛЯ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ, АДАПТИРОВАННАЯ К ПОЧВЕННО-КЛИМАТИЧЕСКИМ УСЛОВИЯМ ЮЖНОЙ ЗОНЫ КАЗАХСТАНА	216
А.З. Сапаков, С.З. Сапакова, А.Р. Карасаева ВАКУУМНАЯ СУБЛИМАЦИОННАЯ СУШИЛЬНАЯ СИСТЕМА С ИНВЕРТОРНЫМ КОМПРЕССОРОМ	231
Б.Д. Сарбалина, А.Н. Уразгалиева, А.А. Таскаирова МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ИСПЫТАНИЙ ПОДСТИЛОЧНОГО ОВЕЧЬЕГО НАВОЗА НА ВЛАЖНОСТЬ.....	248



M.S. Kalieva*, G.K. Serikbaeva, G.E. Akhmetkerimova

Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: madina.kalieva.1997@mail.ru

ORGANIZATION OF SETTLEMENT LANDS IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION

Kalieva Madina Sagidollakzy, Master of Technical Sciences, Assistant Professor of the Department of “Land Resources and Cadastre”. Kazakhstan, 050063, Almaty, Raiymbek Avenue 590/14

E-mail: madina.kalieva.1997@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9452-6817>;

Serikbayeva Gaukhar Kanalbekovna, PhD, senior lecturer of the department of Land Resources and Cadastre. Kazakhstan, Almaty, 050010, Abay Street, 8

E-mail: serikbayeva.gaukhar@kaznaru.edu, <https://orcid.org/0000-0002-5043-8874>;

Akhmetkerimova Gulnura Eleusizovna, Master of Science in the field of Services, specialty Cadastre, senior lecturer at the department of land resources and cadastre, Kazakh national agrarian research university. Kazakhstan, Almaty, Abay Ave 8

E-mail: gulnura.akhmetkerimova@kaznaru.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5880-8756>.

Abstract. *Introduction.* The organization of land in populated areas under conditions of digitalization is an important direction for efficient land resource management. Rapid urbanization and increasing pressure on infrastructure require the improvement of territorial planning. In this regard, scientific research focused on the implementation of Geographic Information Systems (GIS), electronic land cadastre, and smart city technologies is of particular importance. *Materials and Methods.* The study was conducted in the Almaty Region. The research utilized geospatial data, electronic cadastre information, and territorial planning documents. Methods included comparative analysis, a systems approach, and spatial data processing. The experience of Estonia, South Korea, and Singapore was also examined. *Results and Discussion.* The results showed that digital technologies facilitate land registration, updating cadastral data, and optimizing infrastructure placement. In addition, an increase in the level of public service automation was identified. However, several issues were revealed, including insufficient internet infrastructure, incomplete digitalization of data, and limited accessibility of information. *Conclusion.* The organization of land in populated areas based on digitalization improves the efficiency of territorial planning and enhances urbanization management. The widespread implementation of digital technologies and infrastructure development are key factors for sustainable development.

Keywords: digitalization, territorial organization, land cadastre, geoinformation systems, Smart City, Almaty region

For citation: Kalieva M.S., Kalmagambetova A.A., Yildiz F. (2026). A Scientifically Grounded Approach to Planning the Rational Use of Land in Settlements // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 3. Number 111. Pp. 160–168. <https://doi.org/10.37884/3-2026/13> [in Kaz.].

Conflict of interest: The authors declare no conflict of interest.

Acknowledgment: *We express our gratitude to our scientific supervisor for assistance in clarifying the research topic, providing methodological recommendations, and helping improve the content of the study, as well as to the lecturers of the Department of Land Resources and Cadastre for their support in writing the article.*

М.С. Қалиева *, Г.К. Серикбаева, Г.Е. Ахметкеримова

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, КеАҚ, Алматы, Қазақстан.

E-mail: madina.kalieva.1997mail.ru

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІ МЕКЕН ЖЕРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қалиева Мадина Сағидоллақызы, техника ғылымдарының магистрі, “Жер ресурстары және кадастр” кафедрасының ассистенті, Қазақстан, 050063, Алматы, Райымбек даңғылы, 590/14

E-mail: madina.kalieva.1997@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9452-6817>;

Серікбаева Гаухар Каналбекқызы, философия ғылымдарының докторы (PhD), «Жер ресурстары және кадастр» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, 050010, Алматы, Абай көшесі, 8

E-mail: serikbayeva.gaukhar@kaznaru.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-5043-8874>;

Ахметкеримова Гульнура Елеусизовна, кадастр мамандығы бойынша қызмет көр-сету саласы ғылымдарының магистрі, «Жер ресурстары және кадастр» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы, Абай даңғылы, 8

E-mail: gulnura.akhmetkerimova@kaznaru.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5880-8756>.

Аннотация. Кіріспе. Цифрландыру жағдайында елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыру жер ресурстарын тиімді басқарудың маңызды бағыты болып табылады. Урбанизация үдерісінің қарқынды дамуы және инфрақұрылымға түсетін жүктеменің артуы аумақтық жоспарлауды жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), электрондық жер кадастры және «Ақылды қала» технологияларын енгізуге бағытталған ғылыми зерттеулер ерекше маңызға ие. Материалдар мен әдістер. Зерттеу Алматы облысы аумағында жүргізілді. Жұмыста геоақпараттық деректер, электрондық кадастр мәліметтері және аумақтық жоспарлау құжаттары пайдаланылды. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, жүйелік тәсіл және кеңістіктік деректерді өңдеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар Эстония, Оңтүстік Корея және Сингапур елдерінің тәжірибелері қарастырылды. Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялардың жер учаскелерін тіркеу, кадастрлық деректерді жаңарту және инфрақұрылымды тиімді орналастыру процесін жеңілдететінін көрсетті. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру деңгейінің артқаны анықталды. Дегенмен, интернет инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, деректердің толық цифрланбауы және ақпараттың қолжетімділік деңгейінің төмендігі негізгі проблемалар ретінде айқындалды. Қорытынды. Елді мекен жерлерін цифрландыру негізінде ұйымдастыру аумақтық жоспарлаудың тиімділігін арттырып, урбанизация үдерісін басқаруды жетілдіреді. Цифрлық технологияларды кеңінен енгізу мен инфрақұрылымды дамыту – тұрақты дамудың басты факторлары болып табылады.

Түйін сөздер: цифрландыру, аумақтық ұйымдастыру, жер кадастры, геоақпараттық жүйелер, Ақылды қала, Алматы облысы

Дәйексөз үшін: Қалиева М.С., Калмагамбетова А.А., Йылдыз Ф. (2026). Научно обоснованный подход к планированию рационального использования земель в населённых пунктах // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Іс. 3. Number 111. Рр. 160–168. <https://doi.org/10.37884/3-2026/13> [In Kaz.].

Мүдделер қақтығысы: авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Алғыс: Бұл зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми жетекшіме – тақырыпты нақтылау, әдістемелік бағыт беру және зерттеудің мазмұндық сапасын арттырудағы көмегі үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сондай-ақ, «Жер ресурстары және кадастр» кафедрасының оқытушыларына мақаланы жазуда қолдау көрсеткені үшін алғысымызды білдіреміз.

М.С. Қалиева*, Г.К. Серикбаева., Г.Е. Ахметкеримова

НАО «Казахский национальный аграрный университет», Алматы, Казахстан.

E-mail: Madina.kalieva.1997mail.ru

ОРГАНИЗАЦИЯ ЗЕМЕЛЬ НАСЕЛЁННЫХ ПУНКТОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Қалиева Мадина Сағидоллақызы, магистр технических наук, ассистент кафедры «Земельные ресурсы и кадастр», Казахстан, Алматы, 050063, проспект Раймбек, 590/14

E-mail: madina.kalieva.1997@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9452-6817>;

Серикбаева Гаухар Каналбековна, доктор философских наук (PhD), старший преподаватель кафедры «Земельные ресурсы и кадастр», Казахстан, Алматы, 050010, улица Абая, 8

E-mail: serikbayeva.gaukhar@kaznaru.edu, <https://orcid.org/0000-0002-5043-8874>;

Ахметкеримова Гульнура Елеусизовна, магистр наук в области услуг по специальности Кадастр, старший преподаватель кафедры «Земельные ресурсы и кадастр», Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, пр.Абая, 8

E-mail: gulnura.akhmetkerimova@kaznaru.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5880-8756>.

Аннотация. Введение. Организация земель населённых пунктов в условиях цифровизации является важным направлением эффективного управления земельными ресурсами. Быстрое развитие урбанизации и рост нагрузки на инфраструктуру требуют совершенствования территориального планирования. В этой связи особое значение приобретают научные исследования, направленные на внедрение геоинформационных систем (ГИС), электронного земельного кадастра и технологий «умного города». Материалы и методы. Исследование проведено на территории Алматинской области. В работе использованы геоинформационные данные, сведения электронного кадастра и документы территориального планирования. Применялись методы сравнительного анализа, системного подхода и обработки пространственных данных. Также рассмотрен опыт Эстонии, Южной Кореи и Сингапура. Результаты и обсуждение. Результаты исследования показали, что цифровые технологии способствуют упрощению регистрации земельных участков, обновлению кадастровых данных и эффективному размещению инфраструктуры. Кроме того, отмечен рост уровня автоматизации государственных услуг. Вместе с тем выявлены проблемы, связанные с недостаточным развитием интернет-инфраструктуры, неполной цифровизации данных и низким уровнем доступности информации. Заключение. Организация земель населённых пунктов на основе цифровизации повышает эффективность территориального планирования и способствует улучшению управления процессами урбанизации. Широкое внедрение цифровых технологий и развитие инфраструктуры являются ключевыми факторами устойчивого развития.

Ключевые слова: цифровизация, территориальная организация, земельный кадастр, геоинформационные системы, «умный» город, Алматинская область.

Для цитирования: Қалиева М.С., Қалмағамбетова А.А., Ыылдыз Ф. (2026). «Научно обоснованный подход к планированию рационального использования земель в населённых пунктах» // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 3. Number 111. Рр. 160–168. <https://doi.org/10.37884/3-2026/13> [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Благодарность. Мы выражаем благодарность нашему научному руководителю за помощь в уточнении темы, предоставление методических рекомендаций и содействие в улучшении содержания исследования, а также преподавателям кафедры земельных ресурсов и кадастра за поддержку при написании статьи.

Кіріспе.

Қазіргі таңда цифрландыру әлемдік үрдіске айналып, экономиканың барлық салаларына, соның ішінде жер қатынастарына да үлкен өзгерістер енгізуде. Қазақстанда да елді мекен жерлерін басқару мен жоспарлауда цифрлық технологиялар белсенді қолданылуда. Алматы облысы – экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы қарқынды аймақтардың бірі. Осы мақалада елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыруда цифрландырудың рөлі, оның артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады. Қазіргі уақытта цифрландыру әлемнің барлық салаларына, соның ішінде аумақтық жоспарлау мен жер ресурстарын басқаруға үлкен өзгерістер әкелуде. Елді мекен жерлерін тиімді ұйымдастыру – урбанизация, инфрақұрылымдық даму, экологиялық тұрақтылық және экономикалық өсім үшін маңызды фактор [Junusov et al., 2024: 60–62]. Қазақстанда урбанизация қарқыны жыл сайын артып келеді, бұл жер ресурстарын дұрыс басқаруды талап етеді. Цифрлық технологиялар, әсіресе ГАЗ, электрондық жер кадастры және ғарыштық мониторинг жер ресурстарын басқаруда жылдамдық, дәлдік және ашықтықты қамтамасыз етеді. Бұл технологияларды енгізу құжат айналымын жеңіл-

детіп, бюрократиялық кедергілерді азайтып, мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Алматы облысы – еліміздегі экономикалық және демографиялық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі. Алайда, өңірде жер қатынастарын басқару, қала құрылысы мен ауылдық жерлердің дамуында бірқатар проблемалар сақталуда. Оның ішінде жер телімдерінің цифрлану деңгейінің төмендігі, инфрақұрылымдық жүйелердің біркелкі дамымауы және халықтың цифрлық сервистерге қолжетімділігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы зерттеу Алматы облысының елді мекен жерлерін цифрландыру арқылы аумақтық ұйымдастыруды жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауға бағытталған. Бұл тақырып Қазақстандағы аймақтық даму стратегиясын жетілдіруге, мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға және жер ресурстарын ұтымды пайдалануға үлес қоса алады. Сондықтан зерттеудің өзектілігі тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар практикалық маңызы зор.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Бұл мақалада цифрландыру жағдайында елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыруға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, ресми статистикалық деректер, ғылыми мақалалар, ГАЖ деректері және халықаралық тәжірибелер негізге алынды. Зерттеу барысында келесі негізгі материалдар пайдаланылды: Қазақстан Республикасының Жер кодексі – елді мекен жерлерін басқару және аумақтық ұйымдастыру қағидалары; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – цифрландыруды дамыту стратегиясы; Алматы облысының жер ресурстары туралы статистикалық мәліметтер – халық санының өсуі, жер пайдаланудың ағымдағы жағдайы; ГАЖ-технологиялары негізінде жасалған картографиялық материалдар – жер телімдерін жоспарлау және басқару құралдары; Ғылыми еңбектер мен шетелдік тәжірибелер – цифрландыру арқылы аумақтық ұйымдастыруды жетілдіру жолдары [Junusov et al., 2024: 60–62].

Зерттеу әдістері.

Зерттеудің мақсатына жету үшін бірнеше ғылыми және аналитикалық әдістер қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі – Қазақстандағы және дамыған елдердегі цифрландыру процестерін салыстыру арқылы ең тиімді модельдерді анықтау. Геоақпараттық талдау әдісі – ГАЖ технологиялары негізінде жер ресурстарын жоспарлау және мониторинг жүргізу. Статистикалық әдістер – Алматы облысы бойынша халық санының динамикасын, жер ресурстарын пайдалану көрсеткіштерін талдау. Сараптамалық бағалау әдісі – цифрландырудың аумақтық ұйымдастыруға ықпалын бағалау үшін сала мамандарының пікірлері мен тәжірибесін зерттеу.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер ақпараттық технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолдана отырып, елді мекен жерлерін тиімді ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын анықтауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Зерттеу барысында цифрлық технологиялардың елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастырудағы маңызы мен Алматы облысында жүзеге асырылу деңгейі қарастырылды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, цифрландыру жер ресурстарын басқару мен инфрақұрылымды жоспарлауды тиімді әрі ашық етуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда цифрландыру әлемдік үрдіске айналып, экономиканың барлық салаларына, соның ішінде жер қатынастарына да үлкен өзгерістер енгізуде. Қазақстанда да елді мекен жерлерін басқару мен жоспарлауда цифрлық технологиялар белсенді қолданылуда. Алматы облысы – экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы қарқынды аймақтардың бірі. Осы мақалада елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыруда цифрландырудың рөлі, оның артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады [<https://stat.gov.kz>] (05.01.2025) [in Kaz.].

Елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыруда ең алдымен халық саны ескеру қажетпіз. 1-кестеде Алматы облысының 2025 жылғы 1 қаңтар мен 1 наурыз аралығындағы қала және ауыл халқының саны мен демографиялық өзгерістері көрсетілген. Облыс халқының жалпы саны 1,56 млн. адамды құрайды, есептік кезеңде халық саны 6,1 мың адамға өскен. Өсім негізінен көші-қон сальдосының оң болуымен байланысты. Ең жоғары халық өсімі Қарасай, Талғар және Іле аудандарында байқалады, бұл өңірлерде көші-қон есебінен халық саны артып отыр. Ал Балқаш, Кеген, Райымбек, Ұйғыр аудандарында халық саны азайған, мұнда көші-қонның теріс сальдосы басым. Қала халқының өсу қарқыны ауыл халқына қарағанда төмен, ал жалпы өсімнің негізгі үлесі ауыл халқы есебінен қалыптасқан. Бұл Алматы агломерациясына жақын аудандарда қоныстану үрдісінің күшеюін көрсетеді.

Кесте 1 – Алматы облысының 2025 жылғы 1 қаңтардағы қала және ауыл халқы саны [3]

	2025 жылғы 1 қаңтар дағы саны	халықтың жалпы өсімі	оның ішінде		2025 жылғы 1 наурыздағы Саны	табиғи өсуі	
			есептік кезең	көші-қон сальдосы		өсу қарқыны	Орташа саны
			дегі				
Бүкіл халық							
Алматы	1 560 124	6 133	2 869	3 264	1566 257	0,39	1 563 191
Қонаев г.а.	65 822	55	80	-25	65 877	0,08	65 850
Алатау қ.а.	51 941	618	88	530	52 559	1,19	52 250
Балқаш	27 889	-191	36	-227	27 698	-0,68	27 793
Еңбекшіқазақ	284 837	-465	504	-969	284 372	-0,16	284 604
Жамбыл	170 136	64	372	-308	170 200	0,04	170 168
Кеген	26 410	-318	30	-348	26 092	-1,20	26 251
Қарасай	354 278	3 454	799	2 655	357 732	0,97	356 005
Райымбек	27 426	-301	38	-339	27 125	-1,10	27 276
Талғар	255 124	2 299	423	1 876	257 423	0,90	256 274
Ұйғыр	61 499	-309	64	-373	61 190	-0,50	61 344
Іле	234 762	1 227	435	792	235 989	0,52	235 376
Қала халқы							
Алматы	302 886	791	399	392	303 677	0,26	303 282
Қонаев г.а.	57 464	66	63	3	57 530	0,11	57 497
Алатау қ.а.	51 941	618	88	530	52 559	1,19	52 250
Еңбекшіқазақ	41 195	-102	54	-156	41 093	-0,25	41 144
Қарасай	86 696	281	137	144	86 977	0,32	86 837
Талғар	65 590	-72	57	-129	65 518	-0,11	65 554
Ауыл халқы							
Алматы	1 257 238	5 342	2 470	2 872	1 262 580	0,42	1 259 909
Қонаев г.а.	8 358	-11	17	-28	8 347	-0,13	8 353
Алатау қ.а.	0	0	0	0	0	0,00	0
Балқаш	27 889	-191	36	-227	27 698	-0,68	27 793
Еңбекшіқазақ	243 642	-363	450	-813	243 279	-0,15	243 460
Жамбыл	170 136	64	372	-308	170 200	0,04	170 168
Кеген	26 410	-318	30	-348	26 092	-1,20	26 251
Қарасай	267 582	3 173	662	2 511	270 755	1,19	269 168
Райымбек	27 426	-301	38	-339	27 125	-1,10	27 276
Талғар	189 534	2 371	366	2 005	191 905	1,25	190 720
Ұйғыр	61 499	-309	64	-373	61 190	-0,50	61 344
Іле	234 762	1 227	435	792	235 989	0,52	235 376


Алматы облысында цифрландырудың ағымдағы жағдайында электрондық жер кадастры енгізілген, бірақ толық цифрландыру процесі баяу жүріп жатыр және ГАЗ технологиялары қолданыла бастады, алайда бұл жүйелер әлі толық интеграцияланбаған. Зерттеу объектісінде ғарыштық мониторинг арқылы жерді бақылау дамып келеді, бірақ барлық жер телімдері үшін бұл жүйе қолжетімді емес және де интеллектуалды көлік және инфрақұрылым жүйелері кейбір қалаларда енгізілді, бірақ ауылдық жерлерде әлі дамымаған [Qanatqyzy et al., 2022].

Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жер ресурстарын басқару жүйесі жаңартылуда Алматы облысында ГАЗ қолданысқа енгізіліп, жер кадастры электрондық форматқа көшірілуде [Tólegen et al., 2023: 12].

1-суретте Алматы облысында цифрландыруды енгізу барысында кездесетін негізгі мәселелер, олардың себептері және шешу жолдары көрсетілген. Негізгі проблемалардың бірі–ақпараттық жүйелердің өзара үйлесімділігінің төмендігі, бұл бірыңғай интеграцияланған жүйенің болмауымен байланысты. Мұны жер кадастры, геоақпараттық жүйелер және басқа платформаларды біріктіру арқылы шешу ұсынылады. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде интернеттің қолжетімділігінің төмендігі

цифрландырудың баяу жүруіне әсер етеді [Baideldinov et al., 2024: 13].

Бұл мәселе инфрақұрылымның әлсіздігімен түсіндіріледі және байланыс операторларын қолдау мен заманауи байланыс технологияларын енгізу арқылы шешілуі мүмкін. Тағы бір маңызды мәселе–мемлекеттік қызметкерлердің цифрлық сауаттылығының төмендігі. Жаңа технологияларды меңгеру деңгейінің жеткіліксіз болуы оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру және біліктілікті арттыру арқылы шешуді талап етеді [Sarakova et al., 2021: 43].




Сур. 1. Алматы облысында цифрландыруды енгізудің негізгі мәселелері
[Fig. 1. Key Challenges in Implementing Digitalization in Almaty Region]

Шетелдік тәжірибе және Қазақстанға бейімдеуде Эстониядағы жер кадастры жүйесі –жерді тіркеу процестерінің ашықтығы қамтамасыз етілген. Сингапурдың Ақылды қала моделі- цифрлық карталар мен жасанды интеллект аумақтық дамуды болжау үшін қолданылады. Оңтүстік Кореяның ГАЖ технологиялары–жер ресурстарын басқару мен инфрақұрылымдық жобаларды оңтайландыруға көмектеседі [Tólegen et al., 2023: 40]. 2-кестеде Алматы облысындағы цифрландыру деңгейі мен шетелдік тәжірибені салыстыру көрсетілген. Алматы облысында цифрландыру енгізілгенімен, жүйе толық автоматтандырылмаған: жер кадастры әлі де қағазбен жұмыс істейді, ГАЖ толық интеграцияланған емес, жеке сектордың кейбір жерлері тіркелмеген. Деректер мемлекеттік органдар арқылы шектеулі қолжетімді, құқықтық реттеу де толық жетілмеген, ал ауылдық жерлерде интернет инфрақұрылымы әлсіз. Салыстырмалы түрде, Эстония мен Оңтүстік Кореяда 100% цифрлық кадастр жүйесі бар: барлық жер телімдері онлайн тіркелген, геоақпараттық карталар толық енгізілген, деректер ашық порталдар арқылы қолжетімді, заңдық база толық реттелген және интернет инфрақұрылымы ел бойынша жоғары жылдамдықты [Qazaqstan Respýblikasy Tsifrlyq damu, innovatsiıalar jáne aerogarysh ónerkásibi mınıstrligi. Memleketтік baǵdarlama ‘Tsifrlyq Qazaqstan, 2022].

Кесте 2 – Алматы облысындағы цифрландыру деңгейін салыстыру критерийі

№	Салыстыру критерийі	Алматы облысындағы жағдай	Шетелдік тәжірибе (Эстония, Оңт. Корея)
1	Цифрландыру деңгейі	Алматы облысында жер кадастры жүйесі енгізілгенімен, барлық деректер әлі толық цифрланбаған. Қағазбен жұмыс істеу әлі де бар	Эстония мен Оңтүстік Кореяда 100% цифрлық кадастр жүйесі бар. Барлық жер учаскелері онлайн тіркелген, жылдам өңделеді
2	ГАЖ (геоақпараттық жүйелер)	ГАЖ қолданылып жатыр, бірақ толық интеграция жасалмаған. Жеке сектордың кейбір жерлері кадастрға енгізілмеген.	Барлық жерлер онлайн картаға енгізілген
3	Деректердің қолжетімділігі	Мемлекеттік органдар арқылы шектеулі түрде қолжетімді	Ашық порталдар арқылы халыққа қолжетімді
4	Құқықтық реттеу	Әлі де заңдық мәселелер бар	Заңдық база толық жетілдірілген
5	Интернет инфрақұрылымы	Қалада жақсы, ауылды аймақтарда әлсіз	Барлық ел бойынша жоғары жылдамдықты интернет

2-суретте Алматы облысының аумағының геоақпараттық көрінісі көрсетіліп, онда Қапшағай су қоймасы мен оған іргелес елді мекендердің аумақтық ұйымдасуы мен жер пайдалану құрылымы бейнеленген.



[Fig. 2. Geoinformation Map of Almaty Region]

Цифрландыру жағдайында Алматы облысы аумағындағы елді ме-кен жерлерін ұйымдастыру жер ресурстарын тиімді басқарудың маңызды бағыты болып табылады. Об-лыс аумағында урбанизация үдерісінің қарқынды жүруі, халық санының артуы және инфрақұрылымға түсетін жүктеменің өсуі жерді жоспарлау мен пайдалануды жаңа деңгейде ұйымдастыруды талап етеді. Қазіргі таңда облыста геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), цифрлық кадастр және қашықтықтан зондтау технологиялары кеңінен енгізілуде. Бұл жүйелер жер учаскелерінің шекараларын нақты белгілеуге, олардың құқықтық мәртебесін тіркеуге және жер пайдаланудың мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді. Әсіресе, елді мекендердің кеңею аймақтарын анықтауда және жерді аймаққа бөлу кезінде цифрлық карталардың маңызы зор. Алматы облысында жер қатынастары саласында электрондық үкімет жүйесі арқылы көрсетілетін қызметтер де дамып келеді. Жер учаскесін рәсімдеу, кадастрлық мәліметтерді алу және салық есептеу процестері автоматтандырылып, тұрғындар үшін қолжетімді әрі ашық болуда. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекел

дерін азайтып, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырады. Сонымен қатар, цифрландыру ауылдық және қала маңындағы аумақтарды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Инженерлік инфрақұрылым-ды орналастыру, көлік желілерін дамыту және экологиялық аймақтарды сақтау мәселелері цифрлық де-ректер негізінде шешіледі. Дегенмен, облыста цифрландыруды толық жүзеге асыру үшін бірқатар мәселелер бар. Оларға деректердің толық еместігі, ақпараттық жүйелердің өзара интеграциясының жеткіліксіздігі және білікті мамандардың тапшылығы жатады. Цифрлық технологиялардың енгізілуі елді мекендерді аумақтық ұйымдастыру процестерін әлдеқайда тиімді және жылдам етті [United Nations Human Settlements Programme, 2021]. Көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту – жолдар, су құбырлары, электр желілері мен кәріз жүйелерінің дұрыс орналасуын қамтамасыз ету. Экологиялық қауіпсіздік – жер ресурстарын сақтау, жасыл аймақтарды көбейту, ауаның, судың ластануын бақылау. Жер пайдалану ережелерін реттеу – жерді тиімді игеру мақсатында құқықтық және әкімшілік шараларды жүзеге асыру. Алматы облысында цифрлық технологияларды енгізу жер қатынастары мен инфрақұрылымды басқаруды жеңілдетеді. Дегенмен, толық цифрландыру үшін қосымша реформалар қажет. ГАЖ жүйелерін толыққанды енгізу – интерактивті карталар мен жер телімдерінің цифрлық дерекқорын жетілдіру мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті арттыру – цифрландыруға инвестиция тартуды ұйымдастыру қажеттілігі туады. Цифрландыру жағдайында елді мекен жерлерін ұйымдастыру қазіргі заманғы жер қатынастары жүйесінің маңызды бағытына айналып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жер ресурстарын басқару-дың тиімділігін арттыруға, деректердің ашықтығын қамтамасыз етуге және шешім қабылдау үдерістерін жеделдетуге мүмкіндік береді. Елді мекендер аумағын ұйымдастыруда геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), қашықтықтан зондтау деректері және цифрлық кадастр ерекше рөл атқарады. Бұл тех-нологиялар жер учаскелерінің шекараларын нақты анықтауға, олардың құқықтық мәртебесін тіркеуге және жерді пайдаланудың мониторингін жүргізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық карта-лар мен деректер базалары арқылы жер ресурстары туралы толық әрі өзекті ақпарат алуға болады. Цифрландыру жерді аймаққа бөлу процесін де жетілдіреді. Қалалар мен ауылдардың даму жоспарларын әзірлеуде цифрлық платформалар кеңінен қолданыла-ды. Бұл урбанизация үдерісін тиімді басқаруға, инфрақұрылымды дұрыс орналастыруға және эколо-гиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі [Zhildikbaeva et al., 2024: 65]. Сонымен қатар, электрондық үкімет жүйесі арқылы жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы артып келеді. Жер учаскелерін рәсімдеу, тіркеу және салық есептеу процестері ав-томаттандырылып, азаматтар үшін қолжетімді әрі ашық болуда. Дегенмен, цифрландыруды енгізуде бірқатар мәселелер де бар. Оларға деректердің сапасы, ақпараттық жүйелердің өзара үйлесімділігі және мамандардың біліктілігі жатады. Осы мәселелерді шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Цифрландыру елді мекен жерлерін тиімді ұйымдастырудың негізгі құралы болып табылады және ол жер ресурстарын басқарудың жаңа сапалық деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелері цифрландыру елді мекен жерлерін тиімді ұйымдастырудың негізгі факторы екенін көрсетті. Алматы облысында цифрлық технологияларды енгізу қарқынды жүріп жатқанымен, әлі де бірқатар инфрақұрылымдық, ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді шешу қажет. Елді мекен жерлерін тиімді басқару үшін мемлекеттік органдар мен жеке сектордың өзара ынтымақтастығы маңызды. Қазақстанда цифрландыруды одан әрі дамыту жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен урбанизацияны басқаруда шешуші рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрландыру елді мекен жерлерін аумақтық ұйымдастыруды жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. ГАЖ, электрондық кадастр, ғарыштық мониторинг және Ақылды қала технологиялары жер ресурстарын тиімді басқаруға, инфрақұрылымды оңтайландыруға және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Алматы облысы мысалында жүргізілген талдау елді мекендерді цифрландырудың оң әсерлерін, сондай-ақ шешуді талап ететін негізгі мәселелерді айқындады. Қазіргі уақытта электрондық кадастр жүйесі енгізілгенімен, толық цифрландыру процесі баяу жүріп жатыр. Сонымен қатар, интернет инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, деректердің үйлесімділігі төмен жүйелер, кадастрлық ақпараттың ашықтығының жеткіліксіздігі сияқты проблемалар бар.

Жалпы алғанда, цифрлық технологияларды белсенді пайдалану жер ресурстарын тиімді пайдалануға, урбанизацияны дұрыс басқаруға және мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын

қамтамасыз етуге көмектеседі. Сондықтан, цифрландыру елді мекендердің тұрақты дамуы мен Қазақстанның аймақтық саясатын жетілдірудің басты бағыттарының бірі болып табылады.

REFERENCES

- Junusov, B.A., Zhubanazarov, S.A. (2024). “Ekonomikany tsifrlandyru jáne qalalardy basqarýdyń jańa model’deri.” Vestnik Aktyýbinskogo regional’nogo ýniversiteta imeni K. Zhúbanova, 2024, 62(4) <https://doi.org/10.51889/2020-4.kz> [in Kaz.]
- Qazaqstan Respýblıkasy Últtyq statistika byýrosy. “Halıq sany statistikasy.” [<https://stat.gov.kz>] (05.01.2025) [in Kaz.]
- Qanatqyzy, B., Sábıtúly, M., Zhúmahan, N.B., Il’yasov, E.S. (2022). “Qazaqstan Respýblıkasyndaǵy aýyl sharýashylyǵyn avtomattandyryǵ jáne tsifrlandyru máseleleri.” Foundations and Trends in Research, 2022(1) <https://doi10.5281/zenodo.7396104>. [in Kaz.]
- Tólegen, Zh.Zh., Pomorov, S.B., Isabaev, G.A. (2023). Qalanyń úsh ólshemli tsifrlyq modelin ázirleý jáne onyń qalalyq ortaǵa ásseri // Vestnik KazGASA, 2023. <https://doi.org/10.51488/1680-080X/2023.1-12>[in Kaz.]
- Baideldinov, D.L., Aigarinova, G.T., Akshataeva, Zh.B., Rasheva, G.K. (2024). Qazaqstan Respýblıkasynda tsifrlandyru jaǵdayında qolailay qorshaǵan ortaǵa qúqyqty júzege asyru máseleleri // QazÚU Habarshysy. Zan seriiasy, 2024, 109(1), 86–97. <https://doi.org/10.26577/JAPI202410919>[in Kaz.]
- Sapakova, S., Paizolla, A. (2021). Shymkent qalasynyń kenttený procesin modeldeý // Vestnik KazGASA, 2021 <https://doi.org/10.51488/1680-080X/2021.1-43>[in Kaz.]
- Tólegen, Zh.Zh., Pomorov, S.B., Isabaev, G.A. (2023). Sozdanie 3D-modeli goroda i eń vliyanie na gorodskuyu sredu // Vestnik KazGASA, 2023. [<https://vestnik.kazgasa.kz>] [in Russ.]
- Qazaqstan Respýblıkasy Tsifrlyq damu, innovatsiialar jáne aeroǵarysh ónerkásibi mınıstrligi. Memlekettik baǵdarlama Tsifrlyq Qazaqstan. A., 2022. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai?lang=ru> (05.01.2025) [in Kaz.]
- Qashqynbai, D.S., Shamysheva, N.K. (2024). “Tsifrlandyru sharalary jáne qorshaǵan orta // Eýrasiia últtyq ýniversiteti. 2024. <https://enu.kz/kz/news/3846> (05.01.2025) [in Kaz.]
- Qazaqstan Respýblıkasyndań Jer kodeksi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442> (29.12.2026)[in Kaz.]
- Almaty oblysy ákimdiginiń resmi saıty. [<https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-oblysy?lang=kk>] (28.12.2026)
- United Nations Human Settlements Programme (UN-Habitat). Smart Cities and Urban Planning in Central Asia // The Case of Kazakhstan. UN-Habitat, 2021. eISBN 978-92-1-358679-2[in Eng.]
- Zhildikbaeva A., Zhyrǵalova Ө., Baukhan A., Ajtkhozhaeva G., & Molzhigitova D. (2023). Obzor narushennykh zemel’ respubliki kazakhstan // Izdenister Natigeler, (3 (99), 319–326. <https://doi.org/10.37884/3-2023/32>[in Kaz.]

Қалиева М.С.– зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері және оларды талқылау, Алматы облысының геоақпараттық жүйелерін, цифрландыруды енгізудің негізгі мәселелерін сараптау.

Серикбаева Г.К. – материалдар мен зерттеу әдістері, аналитикалық әдістер, салыстырмалы талдау әдістері.

Ахметкеримова Г.Е. – мәліметтерді тексеру және жүйелеу, ғылыми мақаланы журналдың талаптарына сәйкестендіру.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы»
КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

30.06.2026 ж.